

**Мамандық бойынша тест: 1-пән**

1. Алдын-ала отырғызылатын екпе ормандардың түсінігі:
  - A) кесілген жерлердің табиғи жаңарғанша екпелерді отырғызу
  - B) екпелерді жоспарлау алдында отырғызу
  - C) жаңа кесілген жерлерде екпелерді отырғызу
  - D) құмдарды тоқтату үшін талдарды отырғызу
  - E) піскен орманды кесер алдында бірнеше жыл бұрын екпелерді отырғызу
  
2. Қандай ағаш түрі техникалық бағытында пайдаланылады
  - A) шегіршін
  - B) тал
  - C) алма ағашы
  - D) балқарағай
  - E) сексеуіл
  
3. Орманды дамыту жұмыстардың түсінігі
  - A) бұрын орман өспеген жерлерде екпе ормандарды отырғызу.
  - B) жер көшкіні болған жерлерде екпе ормандарды отырғызу.
  - C) кесінді жерлерде екпе ормандарды отырғызу.
  - D) өртеңген жерлерде екпе ормандарды отырғызу.
  - E) бұрын орман өскен жерлерде екпе ормандарды отырғызу.
  
4. Екпелердің қай түрі өз-өзін қысқа мерзімде ақтайды
  - A) емен
  - B) қарағай
  - C) жөке ағашы
  - D) терек
  - E) шырша
  
5. Арборицидтерді қандай жағдайларда пайдаланады
  - A) жапырақты кеміргіш зиянкестермен күрескенде
  - B) екпелерде арамшөптер пайда болғанда
  - C) ағаш -бұталы өсімдіктерді аурулардан қорғау үшін
  - D) екпе орман көлемдерінде қажетсіз ағаш-бұталы өсімдіктерді жою үшін
  - E) отырғызылған екпелерді жою үшін

6. Шөлейіт жерлерде жылжымалы құмдарды тоқтату үшін екпелерді отырғызғанда қандай әдісті пайдаланады

- A) реконструкциялау
- B) жасанды жолмен орманды жаңарту
- C) орманды көбейту
- D) табиғи жолмен орманды қалпына келтіру
- E) жинақты жолмен орманды жаңарту

7. Жаппай отырғызылған екпе ормандардың ұтымдылығы

- A) алдын-ала екпелерді отырғызу ыңғайлы
- B) барлық механикалық жұмыстарды өткізу ыңғайлығы
- C) екпе ормандарда топырақ өңдеу жұмыстардың көлемі азаяды
- D) гербицидтерді пайдаланудың ыңғайлылығы
- E) екпе ормандарда табиғи жаңаруы жоғарылайды

8. С.Ф.Курнаевтың (1973) Қазақстан территориясының климаттық және топырақтық жағдайын есептеп, неше орман өсетін аймаққа бөлген

- A) 10
- B) 6
- C) 9
- D) 8
- E) 4

9. Ағаш тұқымдастарының бәсекелестігі және олардың бір-біріне әсері негізгі қағидаттарын ойластырды

- A) В.Н. Сукачев (1964)
- B) Э.В. Северский (1971)
- C) Д.Д. Лавриенко (1965)
- D) Б.П. Колесников (1968)
- E) А.Н. Протасов (1965)

10. Екпелердің реконструкциялау түсінігі

- A) төмен бағалы ормандарды шаруашылыққа бағалы ағаштармен ауыстыру
- B) төмен бағалы бұталарды сондай өнім беретін бұталармен ауыстыру
- C) екпе орман көлемдерді ағаш өсімдіктерден тазарту
- D) ормандарда санитарлық кесу жұмыстарды өткізу
- E) ормандарды дәліз әдіспен ауыстыру